

2016 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 ақпандағы № 48 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 ақпанда № 3585 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 234 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 29.04.2016 № 234 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

3. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама қолданылады.

4. "Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулыны Сарыағаш ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы қаулыны Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары

А.Есбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Парманов

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 4 ақпандағы № 48
қаулысымен бекітілген

2016 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері

қ / с	Ұйымдардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көздері
1	Қала, кент, ауыл және ауылдық округтері әкімдерінің аппараты	көркейту, көгалдандыру, аймақтарды тазалау	542	65 13460 шаршы метр	аудандық бюджет
2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Қарулы Күштері қатарына шақыру бойынша тұрғындармен жұмыс жүргізу, шақыру қағаздарын жеткізу	8	қала, кент, ауыл және ауылдық округтер аумағында	аудандық бюджет
3	"Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі істер Департаментінің Сарыағаш ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі	жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқықты бұзуды алдын алу ("Сақшы" және "Тәртіп")	200	қала, кент, ауыл және ауылдық округтер аумағында	аудандық бюджет
	Жалпы		750		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.